

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2018 жылғы 14 желтоқсан

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

14 декабря 2018 года

MATERIALS

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND
TOMORROW**

Астана 2019

ӘОЖ 070 (063)

КБЖ 76.01

Қ 17

Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина

Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы

А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070 (063)

КБЖ 76.01

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

ISBN978-601-337-114-6

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Мазмұны

ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР	4
РЫСБЕК Қыдырбек ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....	9
АХМЕТОВ Марат СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....	12
САСАЕВ Нұрғазы ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	14
ҚАЙРАТҰЛЫ Б. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	16
ТАЙЖАН Бақтияр СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК	27
ПЯТИБРАТОВ Анатолий В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....	30
ЫСҚАҚ Динара ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ	39
ЗУРАШЕВ Мереке «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС	44
СҰЛТАНБЕК Назерке ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ	49
ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ	53
МҰРАТ Айгерим СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ	56
СЫБАНБАЙ Сәкен ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....	59

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

СЫБАНБАЙ Сәкен МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....	65
ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ	67
БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ: ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ	70
ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ	75
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ	82
МУХАМБЕТОВА В. К. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....	86
ШӘКЕНОВА Шынар ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК КОММУНИКАЦИЯСЫ	89
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ	92
КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С. ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ: НАТИВНАЯ РЕКЛАМА	97
ДИДИГОВА Мадина Магомедовна ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	102
АЛЬКЕЕВА А.К РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ	104
ДАНИЛОВ Александр Сергеевич ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	108
АЯГАНОВА Асель Агыбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ	112
ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ	116

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	121
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ	129
ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ	132
АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М. БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ	137
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР	142
БАБАЖАНОВА Дина Маратовна «МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	145
КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	149
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....	154
ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	158
АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ	162
МҰРАТ Самал КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ	167
НУРТУГАН Сәтжол ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	169
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы «СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ	172
МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?	176
КАЙКЕНОВА Мархаба PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	180
АДАЙХАНОВА Ұлмекен МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....	182

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТНОСОЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ:ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ

БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті Баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, Астана қаласы

АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика мамандығының магистранты, Астана қаласы

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік этносоаясат ұғымын зерделемес алдын негізгі тірек сөздерді, оның қалыптасу тарихын терең талдап өткен жөн. Этнос сөзі - ортақ сипаттары бар, өзіндік сана-сезімі, мәдениеті, тілі тарихының тұрақты ерекшеліктері ортақ адамдардың белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы [1;131] деген мағынаны білдіреді. «Демос» немесе көпшілігіміз білетін халық сөзінен айырмашылығы бұл сөз жергілікті жердің тұрғылықты халқын атауға арналған сөз. Қазақстандық саяси энциклопедияда этнос табиғи тарихи қалыптасқан орнықты адамдар қауымдастығы ретінде белгіленеді. Көптеген этностар диаспоралар деп те аталады. Бұл туралы «Этносоаясат негіздері және Қазақстандық біртектіліктің қалыптасуы» оқу құралында жіті жазылып, жан-жақты тоқталып өткен. Онда «Диаспора – ұлттық-мәдени азшылықтың күрделі бір түрі» [2;9] ретінде көрсетілген. Оның түп тарихи мағынасы кезіндегі еврей халқының қоныс аударуымен тікелей байланысты екені баршамызға белгілі. Дегенмен, Қазақстандағы этностардың пайда болуын қай уақыт аралығын жатқыза аламыз? Көптеген деректерге сүйене отырып, Ресей патшалығының 1864 жылғы Әулие ата бекінісін, жалпы Оңтүстік өңірді жаулап алғаннан кейінгі аралықта қазақ даласына алғашқы переселендерді көшіріп бастауы этностардың қалыптасуының алғы шарты деп айтуға толық негіз бар. Біріншіден, ол кезеңге дейін қазақ даласында тек Үш жүздің қарамағындағы халық пен ел билеп, күн кешті. Екіншіден, тіпті, Хиуа, Бұқар хандықтарымен қарым-қатынас арагідік жақын болса да, олардың Қазақ хандығында қоныстанып, бірге өмір сүргендіктері туралы дерек жоқтың қасы. Сондықтанда, бұл күнгі Тәуелсіз Қазақстандағы этностар менен диаспоралардың қалыптасуы – біздің Ресей патшалығы құрамына кіруімізбен етене байланысты деп айтуға болады. 1867-1868 жж Далалық өлке және Түркістанды басқару туралы «Уақытша ереже» қабылданғаннан бастап, Қазақстан менен Орта Азия Ресей империясының отары аталғаны тарихтан аян. Араға 3 жыл салып, Түркістан генерал-губернаторының бұйрығына сәйкес 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап Ташкентте «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде «Түркістан уәлияті» деген алғашқы қазақ газеті басылып шықты. Міне, осы кезеңдерден бері жарық көрген газеттер менен

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

журналдар қазақ жеріне қоныстанған, кейіннен иесі атанған орыстар туралы көптеген мақалалар жазып жатты. Сол кезеңдегі қазақ жерінің талан-таражға түсіп, шұрайлы аймақтарының орыстың бай көпестеріне берілуі және олардың орнығуы алғашқы диаспоралардың келуін дәлелдейді. Мысалға, 1925 жылы Семей қаласында жарық көрген «Таң» журналының шаруашылық бөлімінде Шайқы деген бүркенші атпен шыққан журналист «Қазақты қоныстандыру мәселесі» атты мақаласында [3;232] қазақтардың шұрайлы жерлерге орыс халқымен бірлесіп көшіріліп, оларды отырықшылық іске баулып жатқандығын баса атап өткен. Оны: «сонымен көреміз, сәбет өкіметінің жер туралы тұтынған жолы қазақ еңбекшілерін тағы да дұрыс жерге орналастырып, баяғы өмірдің көркем уақытына жеткізбек» [3;234] деген жолдарынан анық аңғара аламыз. Болмаса дәл сол «Таң» журналының келесі бір нөмірінде жарық көрген «Жер заңын кедейлерге жақындату керек» атты мақалада [4;224] керісінше қазақты сусыз, шөпсіз жерге қаңғытып жіберіп, шұрайлы жерлеріне орыс шаруаларын қоныстандыруын жазып, өз жерімізде өзіміздің орнықты өмір сүре алмай жатқандығымызды баяндап өткен. Өзге этностардың сіңісуі алғашында көптеген қиындықтар тудырды. Айталық, 1915 жылы жарық көрген «Айқап» журналының кезекті бір нөмірінде [5;278] Ғ.Маликов Петропавл оязындағы Проснау болысында болған Амандас есімді қазақ жігіттің үйін ұрлыққа түскен хақолдар жайлы баяндап, кейін олардың ісі қаралып жатқандығын жазып отырған. Сол тұстары мұндай ақпараттар этностық болып ерекшеленбесе де, алғашқы қазақ даласының тарихи иелері менен переселендері арасындағы этносаясаттың БАҚ-тағы алғашқы көрінісі ретінде атауға толық негіз бар. Себебі, қазақ халқыменен жаңадан қоныстанған өзге ұлт өкілдері арасындағы барлық деңгейдегі мәселелер этностық қарым-қатынастың ашық сипаты болып табылады. Кейінгі 1928 жылдардан бергі поляк, кәріс, неміс және өзге де ұлттардың қазақ даласына қоныстануы және олардың барлық деңгейдегі басылымдарда шығып отыруы – Қазақстандағы этносаясаттың алғашқы тарихы және БАҚ-тағы көрінісі ретінде танылады.

Кейін тарихтан белгілі 1991 жылы еліміз Тәуелсіздік алып, әлем картасында Қазақстан Республикасы атты мемлекет пайда болды. Тоқырау жылдарында елдің біртұтастығы менен бірлікте өмір сүруі аса қажет және міндетті істердің бірі саналды. Кеңес үкіметі тараған кезде Қазақстан аумағында 130-дан астам ұлт пен ұлыс өмір сүріп жатты. Олар Кеңес үкіметінде бір идеология астында күн кешсе, ендігі кезекте бұлыңғыр болашақ көрген азаматтар пайда бола бастады. Алты миллионнан сәл асатын [6] қазақтардың негізгі ұлт атануы өте күрделі сұрақ болатын. Дегенмен, ымыраға келе білген халық дүрлікпей, өтпелі кезеңді бірлесе еңсере білді. Араға бір жыл салып, мемлекет басшысы, ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халықтарының форумын өткізсе, 1995 жылы 1 наурызда өз жанынан консультативті-кеңесші орган мәртебесіне ие Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы жарлыққа қол қойды. Міне,

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

осы кезеңдерде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор болатын. Енді ғана етек жиған елдің бүтіндігін бекемдеп, еңсесін тіктеуде басылымдар менен телеарналардың, барлық деңгейдегі ақпарат құралдарының қажеттігі қара судан да зор сұраныста тұрды. Одан қалды батыстық теріс идеялардың арбауынан қорғап, таза сана қалауда да БАҚ ерекше рөл ойнады. Бұл туралы ҚР президенті Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің 2003 жылы жарық көрген «Сындарлы он жыл» кітабында толық баяндап өткен. Бұл күні еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстаннан» бастап, оң көзқарастағы барлық басылымдар менен онлайн порталдар ҚХА (Қазақстан халқы Ассамблеясы) қызметін баяндап, оның атқарып жатқан істерін жарыса жазуда. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, Қазақстандағы ұлт пен этностар арасындағы теңдікті ұстау және олардың бірлігін нығайта түсу мәселесі. Сөзсіз, әрбір оқырман аталған органның дұрыс іс жасап, өзге этностармен қатарлас, үзеңгелес екенін сезінуі елдегі тұрақтылықтың алғы шарты болып табылады. Екіншіден, өзге этностар өздерінің құқықтарының тапталмағандықтарын, дискриминацияға ұшарамағандықтарын сезінулері керек. Елдегі азшылық топты құрайтын оларға осындай ерекше көңіл бөліну орынды болып табылады. Үшіншіден, басылымдар сондай жарияланымдар арқылы елдегі этносаясатты жүргізуде таптырмас құрал екендіктерін тағы бір дәлелдей түседі. Осы тұста «Егемен Қазақстан» газетінің №122 санында жарық көрген «Ассамблея жас стартаперлерді марапаттады» атты мақаласын [7;10] қарастырып көрелік. Алғашында кәдімгі стартап жобалардың қорытынды мақаласы деп ойлауға болады. Дегенмен, мақала «Ассамблеяның «Жаңғыру жолы» атты жаңа жастар қозғалысы «жастарды жаңғырту аясында біріктіруі керек» деген мемлекет басшысының сөзімен бастау алады. Әрі қарай Астана қаласында әр өңірден келген 50 делегаттың жобалары, шараға қатысқан тұлғалар тізбектеліп кете береді. Бірақ, алғашқы сөз «жастарды жаңғырту аясында біріктіру керек» деген пайым негізгі құраушы, мақсатты ой болып тұр. Бұқаралық ақпарат құралдары этностық мәселеге келгенде астыртын болсын, яки ашық үлгіде елдің бірлікте, тұрақтылықты тұруын насихаттайды немесе соларға қатысты мәселені жіті назарға алу қажеттігін көрсетеді. Екі бірдей этнос арасында болған текетіресте олардың этностарын түстеп көрсетпей, Қазақстан Республикасының азаматы деп атаса, толағай жеңістер менен өзге де позитивті оқиғаларда оларды ерекшелеуге көңіл бөледі. Ол да өз кезегінде этносаясаттың оң бағытта қалыптасуына белгілі деңгейде өз септігін тигізеді.

Кез-келген идеяны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін оның белгілі бір символы, негізі қажет. Одан қалды сол оймен ұштасатын, идеяның тіреушісі болатын тұлғаның да маңызы зор. Мемлекеттік деңгейде этносаясатты жүргізуде мемлекет басшысы таптырмас байлық болып табылады. Ақпарат құралдары этностарға немесе ұлыстарға қатысты мәселелерді қозғағанда, болмаса сөз еткенде Елбасының қанатты

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертен

сөздерін, өмірлік мысалдарын яки сол тұлғаға қатысты жәйіттерді жариялауға көңіл бөледі. Тіпті, мемлекет басшысымен болатын жыл сайынғы тікелей эфирдегі сұхбатта да елдегі этносаралық жағдайды міндетті түрде тілге тиек етеді. «Qazaqstan Zamany» газеті №49 санында [8;2] мемлекет басшысының «Россия-1» арнасына берген сұхбаты барысындағы бір үзінді ойды жариялады. Мақала «Мен екі – туған қазақ және орыс мәдениетінде тәрбиелендім» деп аталды. Елбасы Ресей Федерациясының бас арнасына берген сұхбаты барысында Қазақстан-Ресей жағдайын кеңінен тарқатып келіп, қорытпа ойда екі мәдениетте тәрбиеленген азамат екенін, Кеңес үкіметі сондай болмысты барлық тұрғындарына құя білгендігін атап өтеді. Гәп қайда? Гәп мынада. Қарамағында 130-дан астам ұлт пен ұлыстар өмір сүретін мемлекетті басқаратын президент бір ұлтқа, болмаса этносқа ерекше көңіл бөлуі ақталмаған іс. Мұндай тұлға, елдегі барлық азаматтарға тең қарап, олардың құқықтарын тең дәрежеде қорғауы тиіс. Міне, бірнеше қатар сөйлем осындай ізгілікті ойды сипаттайды. Бір ғана мысал, 2012 жылғы Франциядағы президенттік сайлауда Франсуа Олланд пенен сол кездегі президент Николя Саркози ақтық бәсекеге түсті. Еуропадаға беделі еселі елдің президент сайлауы әлем назарын аударды. Сол тұста Францияның жетекші телеарналары болып табылатын «TF 1» менен «France 2» арналары тікелей эфирде үш сағаттық теледебат өткізді. Осы теледебат Франсуа Олландтың жеңіске жетуін жеделдетті. Себебі, Николя Саркозидің ұлтшылдыққа салынып, елдегі француздарды ерекшелеп, арабтар менен өзге де этностарды екінші деңгейлі санайтындығын астарлы болсын жеткізуінде. Сол бір теледебаттан соң Саркозидің жақтастары болып келген этностар менен ұлыстар ойларын өзгертіп, оның жанында өзін нейтралды ұстана білген Олландқа дауыс беруді жөн санады. Міне, бір ғана ақпарат құралында болған кішкентай ғана келеңсіздік бүтін бір елді басқаратын президентті анықтауда аса маңызды рөл ойнап кетті. Мұндай жағдаяттар легі әлемдегі мықты державалардың өзі өзіндік саясатына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттап, кеңінен жүргізетіндігін дәлелдей түседі. Қазақстан Республикасы дамушы ел болғандықтан және сол дамыған елдердің тәжірибелерін кеңінен қолданатындығымыздан мемлекеттік этносаясатты жүргізуде де жетекшеі елдердің мысалдарына көңіл бөлгеніміз абзал.

Қорыта келе, мемлекеттегі этносаясатты бар болмысында сипаттау, оны насихаттау менен барынша дұрыс бағытта таралуында бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны орасан зор маңызды болып табылады. оны орынды пайдаланып, дұрыс салаға бағыттай білсек, елдегі тұрақтылық пенен бірлік мығымдала түсіп, әрі қарай беки бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

1. «Этносаяси сөздік» Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы терминдері мен ұғымдары. Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана, 2014
2. «Этносаясат негіздері және Қазақстандық біртектіліктің қалыптасуы» оқу құралы. (Ж.К. Боканованың жалпы редакциясымен). – Астана, 2017
3. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 6 том. Таң. – Алматы, 2011.
4. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 7 том. Таң. – Алматы, 2011.
5. «Айқап».(Құрастырушылар :Ү.Субханбердина, С. Дәуітов.) – Алматы, 1995.
6. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
7. «Егемен Қазақстан», №122 саны, 2 шілде 2018 жыл.
8. «Qazaqstan Zamany», №49 саны, 6 желтоқсан 2018 жыл.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ

ТҰРЖАН Оңайгүл

фил.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы доценті

ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы докторанты

Аннотация: Ішкі және сыртқы туризмді дамытуға ықпал ететін коммуникациялық құралдардың бірі – ақпарат беру. Туристердің қызығушылығын тудыратын ақпараттарда елдегі тарихи-мәдени орындарды көрсету маңызды. Және бұл туралы әлеуметтік желіде туристердің өздері тарататын ақпараттардың ықпалы күшейіп келеді. Әсіресе, нақты деректерге ғана емес, түрлі аңыздарға құрылған ақпараттардың да саяхатшылар үшін тартымды болары сөзсіз. Бұл мақалада осындай маңызы бар кейбір тарихи орындар туралы деректерді Қазақстан туризмін насихаттау мақсатындағы мақалаларда қолданудың ерекшеліктері және ақпарат таратудың жаңа тәсілдері туралы баяндалады.

Түйін сөздер: туризм, ақпарат, Қазақ елі, тарихи-мәдени орындар
«ҚР туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында» «Елдің имиджін тиімді жылжыту және үлкен туристік ағынды тарту үшін шетелде сонымен қатар ел ішінде кең ауқымды маркетингтік және жарнамалық науқан жүргізілетін болады» делінген [1].